АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ГОРОДА АТЫРАУ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2024 жылғы « 1 қараша
Атырау қаласы

№ 2586
город Атырау

«012 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві» бағдарламасы бойынша қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексін, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37-бабын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №325 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» қаулысына сәйкес, Атырау облысы әкімі С.Ж.Шәпкеновтің қатысуымен өткен мәжіліс кеңесінің 2024 жылғы 26 наурыздағы №06-01-01-01-2/5 хаттамасына сәйкес, Еркінқала ауылдық округіне қарасты Балауса шағын ауданы аумағында жер асты суының көтерілуі мәселелерін шешу мақсатында, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Атырау қалалық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі 012 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві» бюджеттік бағдарламасының 101 «Шұғыл шығындарға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының резерві» бағдарламасынан «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне Еркінқала ауылдық округі әкімінің аппараты үшін Балауса шағын ауданында жер асты суын азайту іс-шараларын өткізуге 103 «Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін трансферттер» бағдарламасына 400 000 000 (төрт жүз миллион) теңге қаражат бөлінсін.

2. «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі және «Еркінқала ауылдық округі әкімінің аппараты» осы қаулының 1-тармағынан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары С.Нсанбаевқа жүктелсін.

Қала әкімі **Ш.Кейкин**

004008